

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті

« БЕКІТЕМІН »

Басқарма төрағасы

Ректор

Т.ғ.д., академик Қожамжарова Д.П.

2023 ж.



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**  
**7М07123- Машинажасаудағы 3D-модельдеу**

Тіркеу нөмірі	7М07100418
Білім беру саласының коды және жіктелуі	7М07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі	7М071 Инженерия және инженерлік ісі
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	М103 Механика және металл өңдеу
БББ түрі	Инновациялық
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту тілі	Қазақ, орыс
БББ көлемі	120 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2023 ж.



## Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	қызметі	КОЛЫ
Мырзалиев Д.С.	«Механика және машинажасау» кафедрасының меңгерушісі, доцент, т.ғ.к.	
Печерский В.Н.	«Механика және машинажасау» кафедрасының т.ғ.д., профессор	
Сейтказенова К.К.	«Механика және машинажасау» кафедрасының т.ғ.д., профессор	
Сейдуллаева О.Б.	«Механика және машинажасау» кафедрасының оқытушысы, магистр	
Рахымтай Н.Н.	«Механика және машинажасау» кафедрасының оқытушысы, магистр	
Әкім Е.Ғ.	МНГ-21-2нр тобының магистранты	
Керімбек С.З.	МНГ-21-2нр тобының магистранты	
Белгібай Қ.Қ.	МНГ-22(1) -7нр тобының магистранті	
Алпысбаев Т.С.	«KARLSKRONA LC/AB» ЖШС Атқарушы директор	
Қанатбекұлы Қ.	«KAZMEDPRIBOR Holding» ЖШС директоры	
Сихимбаев Ж.Б.	«Карданвал» АҚ Президенті	
Каташов Д.С.	«Medcomfort» ЖШС директоры	
Асанов О.Б.	«AsiaTrafo» ЖШС бас директоры	

Білім беру бағдарламасы дайындық бағыты бойынша «Инженерия және инженерлік ісі» академиялық комитет мәжілісінде қаралды,  
« 24 » 01 2023 ж. № 4 хаттама.

АК төрағасы Айтуреев М.Ж.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды,  
« 22 » 02 2023 ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы Абишова Р.Д.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді,  
« 23 » 02 2023 ж. № 13 хаттама.

## МАЗМҰНЫ

1.	Білім беру бағдарламасының концепциясы	4
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты	6
3.	Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің құзыреттері	9
3.1	Жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптастырылатын құзыреттермен арақатынасының матрицасы	10
4.	Модульдер мен пәндердің оқу нәтижелерін қалыптастыруға және еңбек сыйымдылығы туралы ақпаратқа әсер ету матрицасы	11
5.	Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде игерілген кредиттер көлемі туралы жиынтық кестесі	26
6.	Оқыту стратегиялары мен әдістері, бақылау және бағалау	26
7.	Білім беру бағдарламасының оқу-ресурстық қамтамасыз етілуі	27
	Келісім парағы	29
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	30

## 1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

<b>Университет миссиясы</b>	Біз жаңа құзыреттерді қалыптастыруға, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындауға бағытталғанбыз
<b>Университет құндылықтары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық.</li> <li>• Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады.</li> <li>• Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі.</li> <li>• Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады.</li> <li>• Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.</li> </ul>
<b>Түлек үлгісі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту.</li> <li>• Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгеретін ортадағы ұтқырлық.</li> <li>• Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект.</li> <li>• Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік.</li> <li>• Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.</li> </ul>
<b>БББ бірегейлігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану.</li> <li>• Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.</li> <li>• Техника, технологиялар және педагогикалық қызмет саласындағы тұжырымдамалық Білім, технологиялық процестер мен машина жасау бұйымдарын компьютерлік модельдеудің қазіргі заманғы әдістері негізінде кәсіби, ғылыми, инновациялық және педагогикалық қызмет міндеттерін қою және шешу кезіндегі дербестік.</li> </ul>
<b>Академиялық адалдық және этика саясаты</b>	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шараларын қабылданған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Академиялық адалдық ережелері (Ғылыми кеңестің 2018 жылғы 30 қазандағы № 3 хаттамасы);</li> <li>• Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (Бұйрық № 373 н/к, 27.12.2019 ж.).</li> <li>• Әдеп кодексі (Ғылыми кеңестің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 8 хаттамасы).</li> </ul>
<b>БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;</li> <li>2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және</li> </ol>

	<p>(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;</p> <p>3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;</p> <p>4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;</p> <p>5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</p> <p>6. ECTS қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар.</p> <p>7. Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 о/д бұйрығына 1-қосымша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық.</p>
<b>Білім беру процесін ұйымдастыру</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру</li> <li>• Студентке бағытталған оқыту</li> <li>• Қол жетімділік</li> <li>• Инклюзивтілік</li> </ul>
<b>БББ сапасын қамтамасыз ету</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі</li> <li>• Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту</li> <li>• Жүйелі мониторинг</li> <li>• Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)</li> </ul>
<b>Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар</b>	<p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығы</p>
<b>Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары</b>	<p>Ерекше білім беруді қажет ететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпустарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ SE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты <a href="http://lib.ukgu.kz/">http://lib.ukgu.kz/</a> тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p>

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

<b>БББ мақсаты</b>	Автоматтандырылған технологиялық процестер мен машина жасау бұйымдарын 3D - модельдеу және жобалау, тұжырымдамалық аналитикалық және логикалық ойлау саласында кәсіби дағдылары бар, стратегияны анықтауға және өндірістік, ғылыми және педагогикалық қызметті жоспарлауға қабілетті магистрлерді даярлау.
<b>БББ міндеттері</b>	<p>* магистранттардың жоғары зияткерлік деңгейге ие болуы, логикалық және сыни ойлауды дамыту, жоғары білім беру және қазіргі заманғы машина жасау өндірістері саласындағы ғылыми-педагогикалық қызметте еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдылары үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;</p> <p>* ғылыми, басқарушылық және технологиялық міндеттерді шешу, проблемалық жағдайларда жедел шешім қабылдау үшін кәсіби қызметте білімді қолдану қабілетін дамыту;</p> <p>* магистранттарға өзгеретін жағдайларға сәтті бейімделуге мүмкіндік беретін барлық кәсіби қызмет барысында өз бетінше оқу және үздіксіз біліктілікті арттыру дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>* жоғары білім беру және қазіргі заманғы машина жасау және механикалық жинау өндірістері саласында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру, олардың мамандығы бойынша барынша тез жұмысқа орналасу немесе докторантурада оқуын жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету.</p>
<b>БББ үйлесімділігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-ші деңгейі;</li> <li>• 7-ші біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors;</li> <li>• Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);</li> <li>• Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-ші деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).</li> </ul>
<b>БББ кәсіби саламен байланысы</b>	<p>* «Машина жасау» саласы бойынша біліктілікті арттыру, (Салалық комиссия бекіткен, әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу, тау-кен металлургиясы, химия, құрылыс индустриясы және ағаш өңдеу, жеңіл өнеркәсіп және машина жасау салалары бойынша 2016 жылғы «16» тамыздан бастап №1 хаттама).</p> <p>* «Мұғалім» кәсіби стандарты («.» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша).</p> <p>* «Инженерлік және металл өңдеу» кәсіби стандарттары («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының Орынбасарының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 269 бұйрығына № 13 қосымша).</p> <p>* «Инновациялық өнімдерді/қызметтерді техникалық жобалау» кәсіби стандарты 24.12.2019 ж. №259</p> <p>* Қазақстан Республикасындағы жаңа мамандықтар мен күзіндеттердің атласы <a href="https://www.enbek.kz/atlas/">https://www.enbek.kz/atlas/</a>.</p>
<b>Берілетін дәреженің атауы</b>	Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге 7M07123-«Машина жасаудағы 3D-модельдеу» білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдары магистрі дәрежесі беріледі.
<b>Біліктілік пен лауазымдар тізімі</b>	7M07123-Машина жасаудағы 3D-модельдеу білім беру бағдарламасы магистрлері – машина жасауда мынадай лауазымдарды атқара алады: ұйымның ғылыми қызметкері, директоры (Бас директоры, Атқарушы директоры, президенті, басқарма төрағасы, басқарушысы), бас инженері,

	<p>бас конструкторы, бас металлургі, бас технолог, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары (директор, вице-президент), директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары (әкімшілік директоры), аспаптық бөлімнің бастығы, зерттеу зертханасының бастығы, өндірістік зертхананың бастығы (Өндірісті бақылау жөніндегі), Еңбекті ұйымдастыру және өндірісті басқару жөніндегі зертхана (бюро) бастығы, өндірістік процестерді автоматтандыру және механикаландыру бөлімінің бастығы, жабдықты жинақтау бөлімінің бастығы, сапаны бақылау бөлімінің бастығы, маркетинг бөлімінің бастығы, өндірістік бөлімнің бастығы, жөндеу цехының бастығы, ауысым бастығы, жабдықты пайдалану қызметінің бастығы, дәнекерлеу жұмыстары қызметінің бастығы, техникалық бөлімнің бастығы, Орталық зауыт зертханасының бастығы, цех (учаске) бастығы, тәжірибелік өндіріс цехының бастығы, жоба басшысы, инновациялық даму менеджері, жоғары оқу орындарының оқытушысы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы No 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</p>
<b>Кәсіби қызмет саласы</b>	Кәсіби қызмет саласы машинажасау, білім және ғылым болып табылады.
<b>Кәсіби қызмет нысандары</b>	Жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелері, мемлекеттік басқару органдары, машина жасау кәсіпорындарын, мұнай-газ өндіру және қайта өңдеу өнеркәсібі, ауыл және коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарын, әскери-өнеркәсіптік кешенді, өндіріс және тұтыну саласының басқа да кәсіпорындарын қоса алғанда, мемлекеттік және мемлекеттік емес бейіндегі мекемелер.
<b>Кәсіби қызмет пәні</b>	Машинажасау кәсіпорындарының, сондай-ақ өндірістің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етумен байланысты экономиканың әртүрлі секторларында жабдықтармен жұмыс істейтін кәсіпорындардың білім беру процесі, өндірістік және технологиялық процестері.
<b>Кәсіби қызмет түрлері</b>	Ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу, педагогикалық, жобалық, өндірістік-технологиялық, ұйымдастырушылық – басқарушылық, конструкторлық-технологиялық, IT компаниялардағы жұмыс.
<b>Оқыту нәтижелері</b>	<p><b>ОН1</b> Ғылымда оның дамуының қазіргі кезеңінде туындайтын негізгі дүниетанымдық және әдіснамалық мәселелерді, оның ішінде пәнаралық сипаттағы мәселелерді талдайды, ғылым философиясының ережелері мен категорияларына сүйене отырып, педагогикалық қызмет пен өзін-өзі тәрбиелеу қабілеттерін көрсете отырып, әртүрлі факторлар мен құбылыстарды бағалайды.</p> <p><b>ОН2</b> Бұқаралық мінез-құлықты басқарудың әлеуметтік-психологиялық технологиялары негізінде машина жасау өндірісін ұйымдастыру мен басқаруда персоналды дамыту мен тиімді пайдалануды талдайды және жоспарлайды.</p> <p><b>ОН3</b> Ғылыми зерттеулер әдіснамасын, техникалық пәндер саласында оқытудың тиімді әдістемелерін меңгерген, білім алушылардың қызметін жандандыру әдістерін, тұлғааралық қарым-қатынаста, кәсіби қызметте, ғылыми мақалалар жазуда шет тілін білуді қолдана отырып, жоғары мектеп педагогының еңбегін ғылыми ұйымдастыруды сыни бағалайды.</p> <p><b>ОН4</b> Машина жасау бұйымдарын автоматтандырылған жобалау жүйелері мен құралдарын CAD/CAM/CAE бағдарламаларының</p>

стандартты пакеттерін және машина жасау кешенінің технологиялары мен жабдықтарын қолдануды пайдалана отырып, құрастыруды, модельдеуді және инженерлік есептеулерді орындауды ескере отырып, техникалық жобалау міндеттерін қалыптастырады.

**ОН5** Ғылыми-зерттеу, өнертапқыштық, инновациялық қызметте жобалау - конструкторлық құжаттаманы әзірлеудің автоматтандырылған жүйелерін, прототиптеу және 3D басып шығару әдістерін қолдана отырып, машиналардың бөлшектері мен тораптарының конструкцияларын 3D-модельдеу негізінде инновациялық әзірлемені, жүйені, жаңа бұйымдарды және оларды дайындаудың технологиялық процестерін жасауға арналған техникалық жобаны әзірлейді және келіседі.

**ОН6** Ақпараттық деректер базасын тарта отырып, талдамалық жұмыс жүргізеді; нәтижелерді 3D-модельдер, жобалық құжаттама, баяндамалар, есептер, патенттер және жаңа конструкциялық материалдарды, наноматериалдар мен нанотехнологияларды қолдану жөніндегі ғылыми мақалалар, конструкциялардың беріктігі мен тұтастығын математикалық және физикалық модельдеу және болжау әдістері түрінде жинақтайды.

**ОН7** Автоматтандырылған жобалау артықшылықтарын пайдалана отырып, икемді өндірістік модульдер мен робототехникалық жүйелер негізінде белгісіздік пен тәуекел жағдайында өндірістің техникалық жобасының жоспарлары мен рәсімдерін әзірлейді

**ОН8** Эксперименттік зерттеулерді өз бетінше орындау кезінде білімнің пәнаралық байланысты салаларындағы проблемаларды талдайды, мамандармен және кең аудиториямен талқылау кезінде зерттеу нәтижелерін негіздейді



### 3. БББ БІТІРУШІ ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

<b>ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFTSKILLS).</b> Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер	
ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі	ЖҚ1.1. Таңдаған траекторияда және пәнаралық ортада өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту және білімін үнемі жаңартып отыру қабілеті. ЖҚ1.2. Кәсіби салада ойын, сезімін, фактілер мен пікірлерін айта білу. ЖҚ1.3. Заманауи әлемде ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті.
ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік	ЖҚ2.1. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құра білу қабілеті. ЖҚ2.2. Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті.
ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілігі және ғылым саласындағы құзыреттілігі	ЖҚ3.1. Кәсіби міндеттерді шешуде жоғары оқу орнында математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқу барысында алған білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдана білу қабілеті мен дайындығы.
ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық	ЖҚ4.1. Өмірінің барлық салаларымен кәсіби қызметінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылығын көрсету және дамыту қабілеті. ЖҚ4.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет ресурстарын, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша бұлттық және мобильді қызметтерді пайдалану қабілеті.
ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	ЖҚ5.1. Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетті қамтамасыз ету үшін физикалық өзін-өзі жетілдіру және салауатты өмір салтына бағдарлау қабілеті. ЖҚ5.2. Азаматтық пен адамгершіліктің көрінісі негізінде әлеуметтік-мәдени дамуға қабілеті. ЖҚ5.3 Өзін-өзі дамыту, мансаптық өсу және кәсіби табысқа жету үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру қабілеті. ЖҚ5.4. Оқу, жұмыс кезінде, үйде және бос уақытта барлық әлеуметтік-мәдени контексттердің әртүрлілігінде табысты өзара әрекеттесу қабілеті.
ЖҚ6. Кәсіпкерлік құзыреттілік	ЖҚ6.1. Әртүрлі ортада шығармашылық және іскерлік көрсету қабілеті. ЖҚ6.2. Белгісіздік режимінде және тез өзгеретін мақсат жағдайында жұмыс істеу, шешім қабылдау, ресурстарды бөлу және өзінің уақытын басқару қабілеті. ЖҚ6.3. Тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті.
ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өз ойын жеткізе білу қабілеті	ЖҚ7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсету қабілеті. ЖҚ7.2. Әлемнің басқа халықтардың салт-дәстүріне, мәдениетіне толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.
<b>КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТЕР(HARDSKILLS).</b>	

Осы бағытқа тән теориялық білім және практикалық дағдылар мен іскерліктер	КҚ1. CAD/CAM/CAE бағдарламаларының стандартты пакеттерін және машина жасау бұйымдарын автоматтандырылған жобалау құралдарын пайдалана отырып, жобалау, модельдеу және инженерлік есептеулерді орындау қабілеті; ISO, ESKD және ESD стандарттарына сәйкес конструкторлық құжаттаманы ұсыну; компьютерлік өлшеу жүйелерін пайдалану ережелеріне сәйкес мүмкіндіктерді пайдалану, 3D басып шығарудың негізгі технологиялық параметрлерін бақылау;
	КҚ2. Машина жасау өндірісін ұйымдастырудың, жоспарлаудың және басқарудың заманауи әдістерін игеру және қолдану, конструкторлық және технологиялық құжаттаманы, бағдарламалық басқарылатын станоктар мен металл өңдеу орталықтарына арналған басқару бағдарламаларын әзірлеуге басшылық жасау қабілеті;
	КҚ3. Механикалық және термиялық өңдеудің технологиялық процестерін жобалау және іске асыру кезінде ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізу, бұйымдар мен машина жасаудың технологиялық процестерін 3D – модельдеу негізінде негізгі метрикалық және позициялық міндеттер мен құрастыру шешімдерін шешу қабілеті;
	КҚ4. Машина жасау өндірісінің технологияларын, робототехникалық жүйелері мен құралдарын жетілдіру, негізгі жабдықтардың, құралдардың, жарақтардың түрлерін модельдеу және жобалау, бұйымдарды өндіруге арналған оңтайлы технологиялар мен жабдықтарды өз бетінше таңдау қабілеті;
	КҚ5. Техникалық пәндер саласында оқытудың заманауи әдістемелерін қолдану, жоғары мектеп педагогінің еңбегін ғылыми ұйымдастыруды сыни тұрғыдан бағалау, білім алушылардың қызметін жандандыру әдістерін қолдану, шет тілінде кәсіби терминологияны меңгеру қабілеті.

### 3.1 Модульдердің қалыптасатын құзыреттіліктерімен жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерінің арақатынасы матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8
ЖК1	+	+	+	+		+	+	
ЖК2		+	+					+
ЖК3			+			+		+
ЖК4				+	+	+	+	
ЖК5	+	+	+		+		+	
ЖК6	+	+		+	+		+	+
ЖК7	+		+			+		+
КҚ1				+	+		+	
КҚ2		+		+		+		
КҚ3	+				+	+	+	+
КҚ4		+		+			+	
КҚ5	+		+					+

#### 4. ПӘНДЕРДІҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ЕҢБЕК СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРГЕ ӘСЕР ЕТУ МАТРИЦАСЫ

№	Модуль атауы	ЦИКЛ	ЖК/ТК	Компонент атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтары)								
							ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	
1	Ғылыми және педагогикалық қайындық модулі	БП	ЖК	Ғылым тарихы мен философиясы	<p><b>Мақсаты:</b> ғылым феноменінің мәселелерін арнайы философиялық талдау пәні ретінде, әлеуметтік-мәдени контексте алынған ғылыми білімді өндіруге арналған арнайы іс-әрекеттің даму заңдылықтары мен тенденцияларын зерттеу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Ғылым тарихы мен философиясының негізгі мәселелерінің ерекшелігі мен байланысын анықтау. Ғылымның даму заңдылықтарын және ғылыми білімнің құрылымын, ғылыми зерттеу әдістерін зерттеу. Ғылым дамуының классикалық емес және постклассикалық кезеңінің негізгі тұжырымдамалары мен бағыттарын білу. Жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық және техникалық білім әдістемесін түсіну негізінде қазіргі теория мен практиканың шындықтарын талдау. Сыни тұрғыдан ойлау қазіргі қоғамның дамуы мен жұмыс істеуінің алғышарты ретінде. Сыни ойлауды дамыту технологиялары: аргументтер логикасын қарастыру және зерттеу. Сыни рефлексивті ойлау мен метакогнитивті қабілеттердің қалыптасуы.</p>	4	v		v						
2		БП	ЖК	Шет тілі (кәсіби)	<p><b>Мақсаты:</b> болашақ магистранттың кәсіби қызметінде тілді белсенді меңгеру дағдылары мен дағдыларын одан әрі дамыту негізінде шет тілді білім берудің халықаралық стандарттары шеңберінде коммуникативтік құзыреттілікті жүйелі тереңдету.</p>	4			v			v			

					<b>Мазмұны:</b> В2, С1 деңгейлері кәсіби және академиялық мақсаттар үшін кәсіби бағыттағы прагмалар түрінде жоғары деңгейде ұсынылған: ғылыми-ақпараттық база, ғылыми ақпаратты түсіндіру, дәлелдеу, сендіру, ғылыми полемика, академиялық жазу. Инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану және заманауи құралдарды (Интернет-ресурстарды) тарту. Кез-келген сабақтас пән бойынша тілдік материалды білуді көрсету.										
2		БП	ЖК	Басқару психологиясы	<b>Мақсаты:</b> психологиялық менеджмент саласындағы білімді игеру арқылы психологтың құзыреттілігін қамтамасыз ету, ұйымның адами ресурстарын басқару дағдыларын дамыту. <b>Мазмұны:</b> басқару психологиясының әдіснамалық негіздері. Басқарудың психологиялық теорияларын дамыту. Басқару психологиясының жалпы теориялық мәселелері. Басқарушылық қарым-қатынас психологиясы. Қызметкерлердің психологиялық сипаттамасы. Қызметкерлерді ынталандыру психологиясы. Ұйымның адам ресурстарын басқару технологиялары. Ұйымның кадр саясатын психологиялық қамтамасыз ету. Ұйымдағы жанжал психологиясы. Тұлғаның кәсіби деформациясының алдын алу технологиялары. Диагностикалық құралдарды құру, басшыларды даярлаудың, басқарушылық кеңес берудің цифрлық әдістерін әзірлеу түрінде практикалық іске асыру.	4		v	v						v
4	Оқытудың әдістемелік негіздері	БП	ЖК	Жоғары мектеп педагогикасы	<b>Мақсаты:</b> ЖОО оқытушысының кәсіби-педагогикалық мәдениетінің негіздерін, жалпы педагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру, магистранттарды жоғары мектеп педагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздерімен, ЖОО-да оқу-тәрбие процесін	4		v	v						

				жоспарлау, ұйымдастыру және басқару технологияларымен таныстыру. <b>Мазмұны:</b> білім берудің заманауи парадигмалары, әлемдегі және Қазақстандағы жоғары кәсіптік білім берудің тарихы мен жаңа даму тенденциялары. Жоғары мектеп педагогикасының генезисі мен әдіснамасы, ЖОО оқытушысының құзыреттілігі. Жоғары оқу орнының дидактикасы, студенттермен тәрбие жұмысын ұйымдастыру, қазіргі заманғы жоғары оқу орнын басқару мәселелері. Оқытудың заманауи тәсілдері мен әдістері және студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, оқу жетістіктерін бағалау.										
5		КП	ЖК	Инженерлік пәндерді оқыту әдістемесі	<b>Мақсаты:</b> техникалық пәндерді оқытудың оқу процесін ұйымдастыру дағдыларын игеру <b>Мазмұны:</b> жоғары білімнің инженерлік пәндерін оқыту әдістемесінің жалпы мәселелері. Жоғары білімнің міндеттері мен мазмұны. Жоғары білім беру жүйесіне қатысты оқытудың жалпы дидактикалық принциптері. Жоғары білім беру жүйесі. Жоғары білімнің негізгі ұйымдастырушылық формалары. Жоғары білім беру сабақтарының құрылымы мен түрлері. Жоғары білім беру әдістері. Жоғары білім берудегі инновациялық технологиялар. Оқу жұмысын жоспарлау және кәсіптік оқыту мұғалімін сабаққа дайындау. Жоғары білімнің оқу-материалдық базасы. Білім алушылардың білімін, іскерлігін, дағдыларын бақылау, бағалау және үлгерімін есепке алу.	5			v					v
6		БП	ЖК	Педагогикалық іс-тәжірибе	<b>Мақсаты:</b> жоғары мектепте оқытудың практикалық дағдыларын қалыптастыру. <b>Мазмұны:</b> сабақтар өткізуді ұйымдастыру бойынша құжаттарды дайындау, сабақтарға дайындау және оқушыларды белсендіру	4	v		v				v	



					әдістерін пайдалана отырып сабақтар өткізу. Практикумдардың зертханалық жұмыстары мен қойылымдарын қою, оқу сабақтарын өткізу дағдыларын игеру, жаңа білім беру технологияларын қолдану, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасау.										
7	Зерттеу әдіснама сы	КП	ТК	Машина жасаудағы квалиметрия	<p><b>Мақсаты:</b> машина жасау объектілерінің сапасын бағалау, оның сандық көрінісі туралы білімді қалыптастыру және алынған нәтижелерді өндірілетін өнімнің сапасын басқару, аттестаттау және сертификаттау міндеттерін шешу үшін пайдалану.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Квалиметрияның пайда болу тарихы. Квалиметрия принциптері. Квалиметрия объектілері. Квалиметрия теориясы. Өнім сапасын бағалау әдістері. Ұйымдағы сапаны басқару. Сапаны бақылау. Ақау және сапа индексі. Өнеркәсіп өнімінің сапа көрсеткіштерінің номенклатурасы. Техникалық көрсеткіштердің Квалиметрия мәселелері.</p>	4					v	v			
8		БП	ТК	Машинаның сенімділігі мен төзімділігі	<p><b>Мақсаты:</b> жабдықтың сенімділігі мен беріктігін, жабдықты жобалау, дайындау, пайдалану сатысында олардың сенімділік көрсеткіштерін арттырудың негізгі бағыттарын талдау бойынша базалық білімді қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Сенімділік пен беріктіктің негізгі көрсеткіштері. Сенімділік теориясының физикалық негіздері. Сәтсіздіктердің пайда болу физикасы. Бас тартуды бөлу заңдары. 3D басып шығару арқылы алынған өнімдердің механикалық сипаттамаларына әсер ететін негізгі факторлар. Жою механикасы. Басып шығару режимдерінің өнімнің қасиеттеріне әсері. 3D басып шығару арқылы Алынған бөлшектердің сенімділігі мен беріктігін қамтамасыз ету. Сенімділікті қамтамасыз етудің</p>					v	v			v	

					технологиялық әдістері. Сапасы мен сенімділігі. Сенімділік сынақтары.											
9		БП	ТК	Машина жасаудағы басқару жүйелері	<p><b>Мақсаты:</b> магистранттарға Машина жасаудағы басқару жүйелері, технологиялық процестердің заңдылықтары туралы білім беру, әсер етуі өндірісті басқару мен қарқындалу үшін тиімді болатын параметрлерді анықтау.</p> <p><b>Мазмұны:</b> КҚБЖ, ТҚБЖ және өндірісті ұйымдастыру стандарттарының құрамы мен жіктелуі, механикалық цехтардың жіктеу белгілері, технологиялық құжаттардың белгілері, құжаттарды әзірлеу, бекіту ережелері. Ақпаратты өңдеу жүйелері, икемді өндірістік жүйелер мен модульдерді қолдану (ИӨЖ, ИӨМ). Машина жасау кәсіпорындарын басқару жүйелері.</p>	4		v		v						
10		БП	ТК	Өндірісті жобалаудың автоматты жүйелері	<p><b>Мақсаты:</b> жоғары оқу орындарында және ғылыми-зерттеу ұйымдарында машина жасау саласының кәсіпорындарын автоматтандырылған жобалау дағдыларын игеру.</p> <p><b>Мазмұны:</b>автоматтандырылған дизайн: жобалаудағы жүйелік тәсіл. АЖЖ халықаралық классификациясы. Күрделі өнімдерді жобалау кезеңдері. Біріктірілген АЖЖ. Күрделі бұйымдарды жобалау деңгейлері. Автоматтандырылған дизайнның экономикалық тиімділігі. Жобалық шешімдерді синтездеу және бағалау әдістері, шешім қабылдау: оңтайлы шешім қабылдау принциптері, көп өлшемді оңтайландырудың математикалық әдістері, сараптамалық бағалау әдістері, оңтайлылық критерийлері. Жобаларды басқару жүйелері (ЖБЖ).</p>					v	v	v				
11		КП	ТК	Қалып жасау процестері және	<p><b>Мақсаты:</b> кескіш құралдарды жобалау және пайдалану теориясы мен әдістері бойынша қажетті білім, Дағдылар мен дағдылардың</p>	6				v		v				

				аспаптары	көлемін сіңіру. <b>Мазмұны:</b> кесу құралдарының мақсаты және жіктелуі. Металл кесетін жабдықтың ерекшелігі. Дайындамаларды өндірудің технологиялық әдістері. Машина бөлшектерінің беттерін механикалық өңдеу әдістері металдарды кесу арқылы өңдеу. Металл кесетін станоктар. Станоктарда типтік бөлшектерді дайындау. Өңдеудің технологиялық процестерін және тиісті Жабдықты құру және жетілдіру мақсатында байланыстар мен заңдылықтарды (механикалық, электромеханикалық, физика-техникалық процестер, сондай-ақ өлшемдік, ақпараттық, экономикалық және т.б.) зерттеу.									
12		КП	ТК	Жаңа құрылыс материалдарын өңдеу	<b>Мақсаты:</b> магистрантқа болашақта техниканың әртүрлі салаларындағы ГТП-мен байланысты көптеген практикалық мәселелерді, металдарды, жаңа құрылымдық материалдарды өндірудің заманауи прогрессивті тәсілдерін шешуді үйрету. <b>Мазмұны:</b> Құрылымдық материалдар және олардың жіктелуі. Жаңа құрылымдық материалдар және олардың қасиеттері. Жеңіл қорытпалар. Механикалық құрылымдарға арналған материалдар. Өткізгіш материалдар. Магниттік материалдар. Диэлектрлік материалдар. Керамикалық материалдар туралы мәліметтер. Керамикалық материалдардың түрлері. Керамикалық композиттер. Керамикалық материалдарды өндіру, қалыптау және біріктіру. Талшықты, дисперсті толтырылған және көбік композиттері. Металл матрицасы бар композиттер. Полимерлі және көміртекті матрицалары бар композиттер.					v	v			
13		БП	ТК	Мәліметтер базасының инфрақұрылы	<b>Мақсаты:</b> әкімшіліктің әртүрлі деңгейлерінде мәліметтер базасын басқару дағдыларын игеру. <b>Мазмұны:</b> мәліметтер базасы. Дерекқорды	6				v	v			

			ымын басқару	басқару жүйелері. Әкімшіліктің әртүрлі деңгейлеріндегі мәліметтер базасын басқару. Әкімші міндетін орындау. INTERNAL режимінде қосылу. Пайдаланушыларға дерекқорларға, деректер блоктарына, сегменттерге қол жеткізуді ұйымдастыру. Пайдаланушыларды басқаруды жүзеге асыру, аудит. Дерекқордың тұтастығын қамтамасыз ету әдістері, сақтық көшірме жасау. Объектіге бағытталған мәліметтер базасын құру.										
14	БП	ТК	Ғылымизерттеулерді және инновациялық қызмет ұйымдастыру және жоспарлау	<b>Мақсаты:</b> ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүргізу дағдыларын игеру, эксперименттік жұмыс және ғылыми-техникалық әдебиеттермен жұмыс істеу әдістерін игеру. <b>Мазмұны:</b> өнеркәсіптік кәсіпорындардағы, ғылыми-зерттеу институттарындағы және жобалау-конструкторлық ұйымдардағы ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтің маңызы. Ғылыми-педагогикалық және инновациялық қызметті жоспарлау және ұйымдастыру теориясының негізгі түсініктері мен анықтамалары. Ғылыми зерттеулерді болжаудың, бағдарламалаудың экономикалық тиімділігі. Прогрессивті технология мен техниканы құру кезінде ұйымдастыру және жоспарлау орны. Ғылыми-практикалық қызметтің ұзақ мерзімді жоспарының маңызды буыны ретінде мақсатты бағдарламалар. Ғылыми-практикалық қызметтегі бағдарламалық-мақсатты жоспарлау. Мақсатты бағдарламаларды негіздеудің ақпараттық негізі мен міндеттері. Эксперименттік зерттеулер. Болжау әдістері.			v							v
15			Зерттеу іс-тәжірибесі	<b>Мақсаты:</b> отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми	6		v	v	v					v

